

Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1210 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қарашадағы
№ 1474 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 № 1474 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңы 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 7

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 1 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган берген аккредиттеу туралы куәлік болған жағдайда ғана мұнай өнімдерін көтерме сатуға:

- 1) мұнай өнімдерін өндірушілерді;
- 2) дербес өндірілген және (немесе) импортталған шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу нәтижесінде шығарылған мұнай өнімдерін сататын көтерме сауда арқылы берушілерді қоспағанда, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге жол беріледі.

3. Аккредиттеуді мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүргізеді.

4. Аккредиттеу мынадай негізгі кезеңдерді:

- 1) аккредиттелетін субъектілердің құжаттарын қарауды;
- 2) аккредиттеу туралы шешім қабылдауды;
- 3) аккредиттеу аттестатын ресімдеуді, тіркеуді және беруді не бас тарту туралы дәлелді жауап жіберуді көздейді.

5. Аккредиттелетін субъектілер мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- 1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдері базасына немесе резервуарына ие болуы тиіс;
- 2) мұнай өнімдерін есепке алуды қамтамасыз ететін өлшеу құралдары болуы тиіс.

2. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу тәртібі

6. Аккредиттеу үшін мынадай құжаттар:

- 1) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке тұлға үшін - өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлға үшін - ұйым жарғысының нотариалдық куәландырылған көшірмесі және ұйымды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) өтініш берушінің меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдері базасының немесе резервуарының болуын растайтын құқық белгілейтін немесе өзге де құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі.

Осы тармақта көзделмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

7. Аккредиттеу туралы құжаттар уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

8. Уәкілетті орган құжаттарды қарау нәтижелері бойынша аккредиттеу немесе ұсынылған құжаттар осы Қағиданың 5 және 6-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы .

9. Уәкілетті орган оң шешім қабылдаған жағдайда аккредиттелген субъектілер тізіліміне тиісті жазба енгізіледі және мұндай шешім қабылданған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

Уәкілетті орган осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аккредиттелген субъектілер тізілімін жүргізеді.

10. Аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады, мерзімсіз болып табылады, иеліктен шығарылмайды және басқа жеке немесе заңды тұлғаға берілмейді.

11. Аккредиттеу туралы куәлікті беруден бас тартылған жағдайда аккредиттелетін субъект анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін осы Қағиданың талаптарына сәйкес қайтадан өтініш береді.

3. Аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алу, қайта ресімдеу

12. Уәкілетті орган мынадай жағдайларда:

1) мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушінің жазбаша өтініші б о л ғ а н д а ;

2) мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы беруші аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде жалған ақпарат бергенде;

3) меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде мұнай өнімдерінің базасына немесе резервуарға иелік ету тоқтатылғанда;

4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлға таратылғанда, заңды тұлға бөлу нысанында қайта ұйымдастырылғанда;

5) мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы беруші мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерінің көтерме бағалары, эксперты және импорты бойынша күн сайынғы мониторинг бойынша ақпарат бермеген жағдайда аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алуды жүзеге асырады.

13. Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде мұнай өнімдері базасына немесе резервуарға иелік ету тоқтатылған жағдайда мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлайды.

14. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және (немесе) заңды тұлғаның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгертілген жағдайда аккредиттелген субъектілер аталған мәліметтерді растайтын құжаттарды қоса беріп және осы Қағиданың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, уәкілетті органға аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш ж а с а й д ы .

15. Уәкілетті орган тиісті жазбаша өтініш берілген күнінен бастап он жұмыс

күні ішінде аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдейді.

Бұл ретте бұрын берілген аккредиттеу туралы куәлік күші жойылды деп танылады және аккредиттелген субъектілер тізіліміне тиісті ақпарат енгізіліп, уәкілетті органға қайтарылады.

16. Аккредиттеу туралы куәлік жоғалған жағдайда уәкілетті орган аккредиттелген субъектінің жазбаша өтініші бойынша он жұмыс күніне дейінгі мерзімде аккредиттеу туралы куәліктің телнұсқасын береді.

Аккредиттеу туралы куәліктің түпнұсқасы жарамсыз деп танылады және тізілімге тиісті жазба енгізіледі.

17. Уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындауды, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

18. Уәкілетті органның мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер ретінде аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу жүргізу қағидасына
1-қосымша

Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге аккредиттеу туралы куәлік беруге ӨТІНІШ

(дара кәсіпкердің Т.А.Ө., заңды тұлғаның атауы)

(СТН, БСН, дара кәсіпкерді, заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні)

(мұнай өнімдері базасының немесе резервуардың орналасқан жері, атауы)
аккредиттеу туралы куәлік беруді сұрайды.

қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі:

1. _____
2. _____

Ұйым басшысы (лауазымы)

(қолы) (Т.А.Ө.)

МО 20__ ж. " __ " _____

Мұнай өнімдерін көтерме сауда
арқылы берушілерге аккредиттеу
жүргізу қағидасына
2-қосымша
Нысан

АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы

жеке немесе заңды тұлғаның мекенжайы, орналасқан жері:

дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу
туралы куәлік.

СТН/ЖСН: _____

—

мұнай өнімдері базасының немесе резервуардың атауы мен орналасқан жері

мұнай өнімдері базасына немесе резервуарға иелік етуге негіздеме берілді.

Куәлік берген орган:

Басшы (уәкілетті органның)

Куәлікті ресімдеу күні _____

Куәлік сериясы _____

Астана қаласы

Мұнай өнімдерін көтерме сауда
арқылы берушілерге аккредиттеу
жүргізу қағидасына
3-қосымша
Нысан

Көтерме сауда арқылы берушілер тізілімі

Р/с №	Күні	Аккредиттеу туралы куәлік сериясы	Көтерме сауда арқылы берушінің атауы	СТН/ЖСН	Мұнай өнімдері базасының немесе резервуардың атауы	Мұнай өнімдері базасының немесе резервуардың орналасқан жері	Байланыс деректері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК